

ДОГОВОР О ПАРТНЕРСТВЕ

с индивидуальным предпринимателем или юридическим лицом на прием электронных денег АО «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)»

г. Алматы

«___» _____ 20 года

_____ «_____», в лице _____, действующего на основании _____, именуемое в дальнейшем «Партнер», и Акционерное общество «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)», в лице _____, действующего на основании _____, именуемое в дальнейшем «Банк», совместно именуемые «Стороны», а каждый в отдельности «Сторона», руководствуясь целями взаимодействия в рамках Платежной системы «QIWI Wallet», принимая во внимание условия Положения Платежной системы «QIWI Wallet», заключили настоящий Договор о партнерстве с индивидуальным предпринимателем или юридическим лицом на прием электронных денег АО «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» (далее – «Договор») в рамках платежной системы «QIWI Wallet», о нижеследующем:

Следующие термины, которые используются в Договоре, означают:

СТАТЬЯ 1. ОПРЕДЕЛЕНИЕ ТЕРМИНОВ

- 1.1. **Банк** - АО «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)», организующее эмиссию электронных денег, а также обеспечивающее реализацию, использование и погашение электронных денег в рамках платежной системы «QIWI Wallet».
- 1.2. **Договор** – текст настоящего Договора с Приложениями и дополнениями, являющимися неотъемлемой частью настоящего Договора.
- 1.3. **Партнер** – юридическое лицо/индивидуальный предприниматель, предоставляющее/-ий потребителям услуги/товары и принимающий в качестве оплаты Электронные деньги.
- 1.4. **Владелец электронных денег** – физическое лицо (владелец электронных денег), обладающее полной дееспособностью в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан, совершившее действия, направленные на приобретение Электронных денег и приобретшее право требования к Банку.
- 1.5. **Платежная система «QIWI Wallet»** – совокупность программно-технических средств, документации и организационно-технических мероприятий, обеспечивающих осуществление Платежей и иных операций с Электронными деньгами с использованием Платежного сервиса «QIWI Wallet». Оператором Системы является ООО «КИВИ кошелек» (г. Москва, Российская Федерация).
- 1.6. **Электронные деньги** – эмитируемое Банком безусловное и безотзывное денежное обязательство перед Владельцем электронных денег/Партнером, хранящееся в электронной форме и принимаемое Партнером в качестве средства платежа, предназначенное для совершения Владельцем электронных денег операций по использованию (любым разрешенным способом), предъявлению к погашению электронных денег.
- 1.7. **Несанкционированный выпуск электронных денег** - операция, предусматривающая выдачу электронных денег физическим лицам, путем зачисления электронных денег на электронные кошельки не Банком, а иным (третьим лицом), получившим доступ в систему, например, попытка подделки выпуска электронных денег (без ведома Банка и без получения Банком денежных средств от Владельцев электронных денег для приобретения электронных денег), всевозможные виды мошенничества или нарушение функционирования системы.
- 1.8. **Персональные данные** - сведения, относящиеся к определенному или определяемому на их основании Партнеру/ уполномоченным лицам Партнера (исполнительный орган, главный бухгалтер и иные лица, персональные данные которых собираются и обрабатываются Банком), зафиксированные Банком на электронном, бумажном и (или) ином материальном носителе.
- 1.9. **Абонентский номер** - телефонный номер, выделяемый Партнеру, или уполномоченному лицу партнера, при заключении договора на оказание услуг телефонной связи, по которому идентифицируется терминал, подключенный к телефонной сети при соединении с ним других терминалов.
- 1.10. **Правила** – Положение Платежной системы «QIWI Wallet», Операционные правила системы «QIWI Wallet», в которых описаны процессы, необходимые для осуществления/предоставления Банком Партнеру услуги в соответствии с настоящим Договором, размещенные на сайте: <http://qiwi.com>, <http://asiacreditbank.kz>.

- 1.11. **ТОО «QIWI Kazakhstan» (КИВИ Казахстан)** - компания, обладающая простой (неисключительной) лицензией на программу для ЭВМ «Система управления партнерским сайтом для интернет-магазинов (Management software for partner website online stores). Цель использования программы – взаимодействие с торгово-сервисными предприятиями, зарегистрированными на сайте ishop.qiwi.com.
- 1.12. **Электронный кошелек «QIWI Wallet» (Электронный кошелек)** – учетная запись Партнера в Платежном сервисе «QIWI Wallet», обеспечивающая посредством совокупности программно-технических средств (включая, но не ограничиваясь: web-интерфейс, мобильные приложения и приложения для планшетных компьютеров, программное обеспечение Терминалов и пр.) хранение Электронных денег Партнера и/или доступ Партнера к Электронным деньгам в целях осуществления их гашения.

СТАТЬЯ 2. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

- 2.1. Предметом Договора, заключаемого между Банком и Партнером, является оказание Банком Партнеру услуги:
- 2.1.1. по открытию Партнеру Электронного кошелька и его полному техническому обслуживанию в рамках Системы «QIWI Wallet»;
- 2.1.2. в рамках Договора Партнер принимает от Владельцев электронных денег в качестве оплаты за предоставляемые услуги, электронные деньги эмитируемые Банком, в рамках Платежной системы «QIWI Wallet»;
- 2.1.3. Банк погашает полученные Партнером электронные деньги путем перечисления равной суммы на банковский счет Партнера, открытый в банке второго уровня и указываемый в п.4.2. настоящего Договора.
- 2.2. Каждая из Сторон гарантирует, что она представлена надлежащим лицом и правомочна выступать в рамках Договора, в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

СТАТЬЯ 3. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН

3.1. Банк обязуется:

- 3.1.1. открыть Партнеру электронный кошелек после проведения процедуры надлежащей идентификации Партнера и заключить договор на открытие банковского счета Партнером в Банке, в соответствии с формой установленной Банком (в случае, если Партнеру понадобится открытие счета);
- 3.1.2. в соответствии с Правилами обеспечить функционирование и прием Партнером электронных денег на/с электронного кошелька Партнера;
- 3.1.3. погасить принятые Партнером электронные деньги путем зачисления денег на банковский счет Партнера в течение 3 (Трех) рабочих дней, с момента получения Банком уведомления/Заявления посредством электронных каналов связи от Партнера о необходимости погашения электронных денег полученных от Владельцев электронных денег в порядке, предусмотренном п. 4.2. Договора;
- 3.1.4. оказывать методическую и консультационную поддержку Партнеру;
- 3.1.5. принимать необходимые меры по защите персональных данных Партнера установленные законодательством Республики Казахстан о персональных данных и их защите, обеспечивающие:
- 3.1.5.1 предотвращение несанкционированного доступа к персональным данным, т.е. принимать и соблюдать необходимые меры, в том числе правовые, организационные и технические, для защиты персональных данных в соответствии с законодательством Республики Казахстан;
- 3.1.5.2 своевременное обнаружение фактов несанкционированного доступа к персональным данным, если такой несанкционированный доступ не удалось предотвратить;
- 3.1.5.3 минимизацию неблагоприятных последствий несанкционированного доступа к персональным данным, в том числе принимать меры по уничтожению персональных данных в случае достижения цели их сбора и обработки, а также в иных случаях, установленных законодательством Республики Казахстан о персональных данных и их защите и иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан;
- 3.1.5.4 сообщать информацию (письменном виде или посредством электронных каналов связи, в зависимости от требований Банка), относящуюся к Партнеру, в течение трех рабочих дней со дня получения обращения Партнера или его законного представителя, если иные сроки не предусмотрены законами Республики Казахстан, а в случае отказа предоставить информацию в срок, не превышающий трех рабочих дней со дня получения обращения, т.е. представлять мотивированный ответ, если иные сроки не предусмотрены законами Республики Казахстан;

3.1.5.5 в течение одного рабочего дня:

- 3.2.5.5.1 изменить и (или) дополнить персональные данные на основании соответствующих документов, подтверждающих их достоверность, или уничтожить персональные данные при невозможности их изменения и (или) дополнения;
- 3.2.5.5.2 заблокировать персональные данные, относящиеся к Партнеру, в случае наличия информации о нарушении условий их сбора, обработки;
- 3.2.5.5.3 уничтожить персональные данные в случае подтверждения факта их сбора, обработки с нарушением законодательства Республики Казахстан, а также в иных случаях, установленных законодательством РК о персональных данных и их защите и иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан;
- 3.2.5.5.4 снять блокирование персональных данных в случае не подтверждения факта нарушения условий сбора, обработки персональных данных.
- 3.1.6. Информировать Партнера о совершении каждой операции пополнения баланса с использованием Электронных денег путем направления ему соответствующего электронного уведомления в интерфейс Электронного кошелька.
- 3.1.7. Обеспечивать возможность определения владельцев электронных денег - физических лиц в качестве идентифицированных и не идентифицированных при осуществлении ими операций с электронными деньгами, путем указания в уведомлении статуса Владельца электронных денег.
- 3.1.8. По запросу Партнера представлять отчет (по форме выбранной Банком самостоятельно), содержащий информацию об операциях, осуществленных с использованием электронных денег в электронной форме в течение 2 (двух) рабочих дней с момента получения запроса.
- 3.1.9. Принять все необходимые меры (согласно внутренним процедурам Банка) в случае сбоя в системе, хакерской атаки и пр., в результате которых может быть спровоцировано искажение информации в Реестре, по данным которого Банком осуществляется погашение.

3.2. Банк вправе:

- 3.2.1. требовать от Партнера выполнения договорных обязательств.
- 3.2.2. заблокировать совершение Партнером Платежей с использованием Электронных денег в следующих случаях:
 - а) получения уведомления о необходимости блокировки от Партнера;
 - б) неисполнения партнером своих обязательств, предусмотренных настоящим Договором;
 - в) совершения Партнером Платежей с нарушением установленных требований и условий использования Электронных денег;
 - г) наложения уполномоченными органами ареста на Электронные деньги Партнера по основаниям, предусмотренным законодательными актами Республики Казахстан;
 - д) в случаях, предусмотренных Законом Республики Казахстан "О противодействии легализации (отмыванию) доходов, полученных незаконным путем, и финансированию терроризма".

3.3. Партнер обязуется:

- 3.3.1. принимать в качестве оплаты за оказанную услугу электронные деньги, от Владельцев электронных денег перечисленные Владельцами электронных денег на электронный кошелек Партнера;
- 3.3.2. указывать в уведомлении банковский счет, открытый в банке второго уровня Республики Казахстан, для зачисления на него сумм в безналичном порядке в счет погашения электронных денег;
- 3.3.3. предоставлять Банку всю необходимую информацию согласно условиям настоящего Договора;
- 3.3.4. обеспечить сохранность информации полученной в рамках настоящего Договора;
- 3.3.5. совершать операции с Владельцами электронных денег (i) в максимальной сумме одной операции, совершаемой идентифицированным владельцем электронных денег - физическим лицом, не превышающей сумму, равную пятисоткратному размеру месячного расчетного показателя, установленного на соответствующий финансовый год законом о республиканском бюджете; (ii) в максимальной сумме одной операции, совершаемой не идентифицированным владельцем электронных денег - физическим лицом, не превышающей сумму, равную стократному размеру месячного расчетного показателя, установленного на соответствующий финансовый год законом о республиканском бюджете.
- 3.3.6. Для получения доступа и авторизации на партнерском интернет сайте: ishop.qiwi.com Партнеру необходимо заключить договор с ТОО «QIWI Kazakhstan» (КИВИ Казахстан)».
- 3.3.7. Осуществлять выдачу электронного чека Владельцу Электронных денег подтверждающий факт осуществления операции с использованием Электронных денег, в форме электронного

сообщения либо на бумажном носителе (далее - торговый чек), который должен содержать обязательные реквизиты, но не ограничиваясь ими:

- 1) сумма платежа;
- 2) время и дата совершения платежа;
- 3) порядковый номер торгового чека;
- 4) наименование (код) и ИИН, БИН индивидуального предпринимателя или юридического лица;
- 5) код транзакции или другой код, идентифицирующий платеж в системе электронных денег;
- 6) идентификационный код кошелька владельца электронных денег - физического лица.

3.3.8. При обнаружении ошибочной передачи Электронных денег, утере, краже и несанкционированном использовании Электронного кошелька, незамедлительно уведомлять об этом Банк посредством письменного уведомления и звонка в Call Centre Банка или связаться по электронной почте на адрес qiwi@asiacreditbank.kz.

3.3.9. отнестись лояльно к ситуации произошедшей согласно п.3.1.9. настоящего Договора и осуществлять полное содействие Банку при перенаправлении Реестров и осуществить взаимозачет сумм по итогам анализа произошедшего сбоя.

3.4. Партнер вправе:

3.4.1. запрашивать у Банка всю необходимую информацию согласно условиям настоящего Договора.

4. ПОРЯДОК ОКАЗАНИЯ УСЛУГ ПОГАШЕНИЯ ЭЛЕКТРОННЫХ ДЕНЕГ И ПЛАТЕЖИ/РАСЧЕТЫ ПО ДОГОВОРУ

4.1. В связи с тем, что Договор составлен исключительно на взаимовыгодных партнерских условиях, Стороны согласны и подтверждают отсутствие каких-либо плат, взиманий по настоящему Договору, за исключением уплаты комиссии Партнером за оказание услуги по погашению Электронных денег в соответствии с тарифами Банка (в случае взимания таковой, согласно приложению №1 к настоящему Договору).

4.2. Погашение Электронных денег осуществляется в течение Срока действия Договора на основании Заявления/уведомления о погашении Электронных денег предьявленное в электронном формате, через интерфейс Электронного кошелька (в течение 3 (трех) рабочих дней), либо автоматическим формированием Заявления к погашению электронных денег не позднее дня, следующего за днем получения Реестра, путем безналичного перечисления денег на счет Партнера _____ (при этом срок может быть увеличен до 3 (трех) рабочих дней).

4.3. Погашение электронных денег с выплатой денег на банковский счет Партнера осуществляется на следующих условиях и в порядке: (i) **Партнер подает запрос на погашение электронных денег, после чего автоматически создается электронное заявление с требуемыми реквизитами и направляется в адрес Банка для обработки;** (ii) за обработку Заявления на выдачу денег в безналичном порядке с перечислением на банковский счет Партнера уплачивается комиссия согласно тарифам Банка, которая рассчитывается отдельно, от суммы Заявления и уплачивается в момент подтверждения Заявления; (iii) осуществление платежа по Заявлению производится в течение 3 (трех) рабочих дней с момента его принятия Банком.

4.4. Общая сумма предьявляемых Партнером Банку требований не может превышать доступного остатка Баланса Электронного кошелька.

4.5. Электронные деньги считаются погашенными Банком с момента зачисления соответствующей суммы денег, подлежащей передаче Партнеру, на банковский счет Партнера, указанный в Заявлении.

4.6. На случаи несанкционированного выпуска электронных денег условия данного Договора не распространяются.

5. ОТВЕТСТВЕННОСТЬ СТОРОН

5.1. За нарушение принятых на себя обязательств по Договору Стороны несут ответственность в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.

5.2. Банк не несет ответственности за любые убытки, возникшие у Партнера, в связи тем, что Партнер не ознакомился с условиями настоящего Договора, Правилами.

5.3. Банк не несет ответственности перед Партнером за несанкционированный выпуск электронных денег, и принятие таких сумм в оплату за оказываемые Партнером услуги/реализуемы товары от Владальцев электронных денег.

- 5.4. Банк не несет ответственности за неисполнение и/или ненадлежащее исполнение обязательств по Договору, если такое неисполнение и/или ненадлежащее исполнение произошло по вине Партнера и/или иных Участников расчетов.
- 5.5. Банк не несет ответственности за ненадлежащее исполнение обязательств по Договору, если такое ненадлежащее исполнение связано с указанием Партнером ошибочных данных в Уведомлении о погашении Электронных денег.
- 5.6. Банк не несет ответственности за качество, комплектность, а также иные потребительские свойства товаров (работ, услуг), реализуемых Партнером Владелецам Электронных денег, а также в связи с оказанием услуг Партнером, Платеж в счет оплаты которых был совершен последним с использованием Электронных денег.
- 5.7. Банк не несет ответственности за любые убытки, возникшие у Партнера, в связи тем, что Партнер не ознакомился и/или несвоевременно ознакомился с условиями настоящего Договора.

СТАТЬЯ 6. СРОК ДЕЙСТВИЯ ДОГОВОРА И ЕГО ПРЕКРАЩЕНИЕ

- 6.1. Подписание настоящего Договора Партнером означает безоговорочное принятие Партнером всех без исключения условий настоящего Договора и ознакомления с Правилами.
- 6.2. Договор вступает в силу с момента его подписания обеими Сторонами и действует в течение неопределенного времени, до момента расторжения Договора по соглашению Сторон или по инициативе одной из Сторон с предварительным уведомлением не менее чем за 30 (тридцать) календарных дней до его даты расторжения и отсутствии неисполненных обязательств по Договору.
- 6.3. Партнер соглашается с тем, что Банк вправе в любой момент в одностороннем порядке, без дополнительного письменного уведомления Партнера, вносить изменения в порядок и условия осуществления операций по Электронному кошельку. Указанные изменения или дополнения в Договор вступают в силу через 10 (Десять) рабочих дней после даты публикации новой редакции Правил указанных изменений на WEB-сайте Банка.
- 6.4. Если одно или несколько положений Договора являются или становятся недействительными в силу внесения изменений в действующее законодательство Республики Казахстан, то это не является основанием для приостановления действия остальных положений Договора. Недействительные положения должны быть заменены положениями, допустимыми в правовом отношении, близкими по смыслу к заменяемым.
- 6.5. Договор, может быть расторгнут в любое время по соглашению Сторон с учетом проведения взаиморасчетов (полного погашения Электронных денег на Электронном кошельке Партнера, уплаты Партнером полной суммы комиссии Банку, закрытия Электронного кошелька).

СТАТЬЯ 7. ФОРС-МАЖОР

7.1. В случае, если какая-либо из Сторон будет неспособна выполнить свои обязательства по Договору полностью или частично в результате непреодолимых обстоятельств, а именно наводнения, пожара, оползня, землетрясения, войны, военных действий, блокады, запрета экспорта или импорта, сроки, указанные в настоящем контракте, должны быть продлены на срок действия таких обстоятельств форс-мажора - максимум до 30 (тридцать) дней. В случае, если такие обстоятельства или их последствия продлятся больше 30 (тридцать) дней, любая из Сторон будет иметь право отказаться от дальнейшего выполнения Договора, возместив другой Стороне расходы уже понесенные ею (например, за товары, уже поставленные, оплата должна быть произведена; авансовые оплаты за непоставленные товары должны быть возвращены). Сторона, неспособная выполнить свои обязательства, должна немедленно известить другую Сторону о наступлении таких обстоятельств форс-мажора. Для подтверждения присутствия обстоятельств форс-мажора потребуется справка, выданная и подписанная соответствующим местным органом власти или Торговой палатой. Эта справка должна быть представлена другой Стороне в течение 20 (двадцати) дней после уведомления о наступлении такого обстоятельства форс-мажора.

СТАТЬЯ 8. КОНФИДЕНЦИАЛЬНОСТЬ

- 8.1. Стороны должны сохранять конфиденциальность информации, знаний и опыта, относящихся к разряду коммерческой и банковской тайны.
- 8.2. Стороны обязаны предпринимать необходимые действия по неразглашению коммерческой и банковской тайны любой третьей Стороне, за исключением случаев предусмотренных действующим законодательством Республики Казахстан.
- 8.3. С полученной информацией будут ознакомлены только лица из персонала Сторон и подразделений, непосредственно связанных с исполнением настоящего Договора.

8.4. Партнер дает согласие на распространение Банком конфиденциальной информации, банковской и коммерческой тайны, предоставляемых в рамках настоящего Договора.

8.5. Статья 8 действует в течение 3-х лет после окончания срока Договора.

СТАТЬЯ 9. ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВО

9.1. Все споры, возникающие в связи с исполнением настоящего Договора, Стороны будут стремиться урегулировать путем переговоров.

9.2. В случае не достижения согласия путем переговоров все споры, разногласия, требования, возникающие в связи с настоящим Договором или касающиеся его нарушения, прекращения, недействительности, подлежат разрешению в Специализированном межрайонном экономическом суде г. Алматы. Применимое материальное право – право Республики Казахстан.

СТАТЬЯ 10. ПРОЧИЕ УСЛОВИЯ

10.1. Любые изменения и дополнения к Договору будут считаться действительными, если они совершены в письменной форме и подписаны уполномоченными на то представителями Сторон.

10.2. Договор составлен на государственном и русском языках в двух экземплярах, по одному для каждой Стороны, каждый экземпляр имеет одинаковую юридическую силу.

10.3 Подписанием настоящего Договора Партнер подтверждает, что он ознакомлен с Правилами, согласен с ними и обязуется их соблюдать.

10.4. Банк предоставляет Партнеру всю необходимую публичную информацию путем ее размещения на WEB-сайте Банка по адресу <http://qiwi.com>, <http://asiacreditbank.kz>, а также рассматривают вопросы и претензии, связанные с Платежами с использованием Электронных денег.

10.5. Заключением Договора Партнер предоставляет Банку право на совершение голосовых вызовов, а также дает согласие на получение от Банка, а также иных уполномоченных Банком лиц в соответствии с заключенным между ними договором, sms-сообщений на Абонентский номер/электронную почту, указанный Партнером при регистрации Электронного кошелька, в целях:

- а) повышения уровня безопасности при совершении Платежей с использованием Электронных денег;
- б) направления информационных запросов о подтверждении совершения Платежа с использованием Электронных денег;
- в) направления Партнеру информации о статусе совершенного с использованием Электронных денег Платежа;
- г) направлению Партнеру информацию о прочих услугах оказываемых Банком, в пределах предоставленной ему лицензии на осуществление банковских операций в соответствии с законодательством РК, том числе проводимых акциях Банком, внедрением новых продуктов и т.д.

11. Наименование, место нахождения и банковские реквизиты Сторон.

Партнер:

Банк:

АО «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)»

Адрес: Республика Казахстан,

г.Алматы, Бостандыкский район,

пр.Аль-Фараби, д.17/1, н.п.8

БИК LARIKZKA

БИН 920 140 000 508

КБЕ 14

ИИК _____

телефон: +7 (727) 258 85 55

_____ (ФИО,
должность подписанта)

Приложение №1
к ПУБЛИЧНОЙ ОФЕРТЕ О ПАРТНЕРСТВЕ
с индивидуальным предпринимателем или юридическим лицом
на прием электронных денег АО «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» от _____ г.

Тарифы
АО "AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)" по операциям с электронными деньгами в платежной системе «QIWI Wallet»"

№	Вид услуг	Тарифы
1	Тариф за обработку заявления на погашение электронных денег путем перечисления на банковский счет посредством терминала самообслуживания или Qiwi-портала (без визита в Банк)	
1.1.	в АО «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)»	1%, мин. 100 тенге
2.	Иные услуги взимаемые участниками системы	Устанавливается Участником самостоятельно

«AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» АҚ электронды ақшасын қабылдау үшін
жеке кәсіпкерлермен немесе заңды тұлғамен
СЕРІКТЕСТІК ТУРАЛЫ ШАРТ

Алматы қ.

20 жылғы «__» _____

_____ «_____» атынан бұдан әрі «Серіктес» деп аталатын, _____ негізінде әрекет ететін бәр тараптан,
«AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» акционерлік қоғамы атынан бұдан әрі «Банк» деп аталатын, _____ негізінде әрекет ететін _____ екінші тараптан, бұдан әрі «Тараптар» деп бірлесіп, ал әрқайсысы жекелей «Тарап» деп аталады,
«QIWI Wallet» Төлем жүйесі аясында өзара әрекет ету мақсатын басшылыққа ала отырып,
«QIWI Wallet» Төлем жүйесінің ережесіндегі талаптарды назарға ала отырып, «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» АҚ электронды ақшасын қабылдау үшін жеке кәсіпкерлермен немесе заңды тұлғамен серіктестік туралы осы Шартты (бұдан әрі – «Шарт») «QIWI Wallet» төлем жүйесі аясында төмендегілер туралы жасасты:

Шартта пайдаланылатын келесі терминдер мыналарды білдіреді:

1-БАП. ТЕРМИНДЕРДІҢ АНЫҚТАМАСЫ

- 1.13. **Банк** – электронды ақшаның эмиссиясын жүзеге асыратын, сондай-ақ «QIWI Wallet» төлем жүйесі аясында электронды ақшаның пайдаға асырылуын, пайдаланылуын және өтелуін қамтамасыз ететін «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» АҚ,
- 1.14. **Шарт** – осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын, Қосымшалары мен толықтырулары бар осы Шарттағы мәтін.
- 1.15. **Серіктес** – Тұтынушыларға қызмет/тауарлар ұсынатын және төлем ретінде Электронды ақша қабылдайтын заңды тұлға/жеке кәсіпкер.
- 1.16. **Электронды ақша иесі** – Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес толық әрекетке ие, Электронды ақшаны алуға бағытталған әрекеттерді жасаған және Банкке қойылатын талапқа ие болған жеке тұлға (электронды ақша иесі)
- 1.17. **«QIWI Wallet» төлем жүйесі** – «QIWI Wallet» төлем сервисін пайдалана отырып, Төлемдердің және Электронды ақшамен жасалатын өзге де операциялардың жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдарды, құжаттаманың және ұйымдық-техникалық шаралардың жиынтығы. «КИВИ кошелек» ЖШҚ Жүйе операторы болып табылады (Ресей Федерациясы, Мәскеу қ.).
- 1.18. **Электронды ақша** – Электронды түрде сақталатын және Серіктес төлем құралы ретінде қабылдайтын, Электронды ақшы иесі электронды ақшаны пайдалану (кез келген рұқсат етілген тәсілмен), өтеуге электронды ақшаны көрсету операцияларын жүргізуіне арналған, Банк Электронды ақша иесінің/Серіктестің алдында ақшаны айналысқа шығаратын шартсыз және қайтарып алынбайтын ақшалай міндеттеме.
- 1.19. **Электронды ақшаның санкция жүргізілмеген шығарылымы** – Электронды ақшаны Банк емес, жүйеге кіру мүмкіндігін алған, мысалы, электронды ақша шығарылымын қолдан жасау әрекетін (Банкті хабардар етпестен және Банк электронды ақшаны сатып алу үшін Электронды ақша иелерінен ақшалай қаражатты алмастан), алаяқтықтың барлық түрлерін жасаған немесе жүйе жұмысын бұзған өзге (үшінші тұлға) тұлға электронды әмияндарға есептей отырып, электронды ақшаның жеке тұлғаларға берілуін көздейтін операция.
- 1.20. **Дербес деректер** – белгілі бір немесе деректердің негізінде айқындалатын Серіктеске/Серіктестің уәкілетті тұлғаларына (атқарушы орган, бас бухгалтер және дербес деректерін Банк жинап, өңдейтін өзге де тұлғалар) қатысты, Банк электронды, қағаз және (немесе) өзге де материалдық тасығышта тіркелген мәліметтер.
- 1.21. **Абоненттік нөмір** – Терминалға басқа да терминалдарды қосқан кезде, телефон жүйесіне қосылған терминал теңдестірілетін, телефон байланысы қызметтерін көрсету шарты жасалған кезде, Серіктеске немесе серіктестің уәкілетті тұлғасына берілетін телефон нөмірі.
- 1.22. **Ереже** – «QIWI Wallet» төлем жүйесінің ережесі, Банк : <http://qiwi.com>, <http://asiacreditbank.kz>. сайтында орналастырылған, осы Шартқа сәйкес қызметтерді Серіктеске жүзеге асыруына/ұсынуына қажет процестер сипатталған «QIWI Wallet» операциялық төлем жүйелері.
- 1.23. **ТОО «QIWI Kazakhstan» (КИВИ Қазақстан)** – Интернет-дүкендері үшін әріптестік сайтты басқару жүйесі) ЭЕМ арналған бағдарлама (Management software for partner website online stores).

Бағдарламаны пайдалану мақсаты - ishop.qiwi.com. сайтында тіркелген сауда-сервистік кәсіпорындармен өзара әрекет ету.

- 1.24. «**QIWI Wallet**» электронды әмиян (Электронды әмиян) – Бағдарламалық-техникалық құралдарды (соның ішінде, мыналармен шектеліп қалмастан web-интерфейс, ұялы қосымшалар және планшет компьютерлерге арналған қосымшалар, Терминалдардың бағдарламалық жасақтамасы және т.с.с.) Серіктестің «QIWI Wallet» Төлем сервисіндегі есептік жазбасы, Серіктестің Электронды ақшаны сақтауы және/немесе электронды ақшаны өшіруді жүзеге асыру мақсатында Серіктестің Электронды ақшаға қолжеткізімі.

2-БАП. ШАРТТЫҢ МӘНІ

- 2.1. Банк пен Серіктес арасында жасалған Шарттың мәні Банктің Серіктеске келесідей қызмет көрсетуі болып табылады:
- 2.1.1. Серіктеске «QIWI Wallet» Жүйесі аясында Электронды әмиян ашу және толық техникалық қызмет көрсету;
- 2.1.2. Серіктес көрсетілетін қызметтердің төлемі ретінде Шарт аясында Электронды ақша иелерінен Банк эмиссия жүргізетін электронды ақшаны «QIWI Wallet» Төлем жүйесі аясында қабылдайды.
- 2.1.3. Серіктес алған электронды ақшаны Банк Серіктестің екінші деңгейдегі банкте ашылған және осы Шарттағы 4.2. т. көрсетілген банктік шотына тең соманы аудара отырып, өтейді.
- 2.2. Тараптардың әрқайсысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Шарт аясында тиісінше тұлға болып келетініне және сөз сөйлеуге құқылы екендігіне кепілдік береді.

3-БАП. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Банк:

- 3.1.1. Серіктестің тиісінше сәйкестіндірілу рәсімі жүргізілгеннен кейін Серіктеске электронды әмиян ашуға және *Серіктес Банк белгілеген нысанға сәйкес (егер Серіктестің шот ашуы қажет болған жағдайда) Банкте банктік шот аштыруға шарт жасасуға;*
- 3.1.2. Ережеге сәйкес, Серіктестің электронды ақшамен жұмыс жасауын және Серіктестің электронды әмиянына/нан қабылдауын қамтасыз етуге;
- 3.1.3. Банк Электронды ақша иелерінен алынған электронды ақшаны Шарттың 4.2. т. көзделген тәртіпте өтеу қажеттігі туралы электронды байланыс арналары арқылы Серіктестен хабарламалар/өтініштер алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ақшаны Серіктестің банктік шотына аудара отырып, Серіктес қабылдаған электронды ақшаны өтеуге;
- 3.1.4. Серіктеске әдістемелік және консультациялық қолдау көрсетуге;
- 3.1.5. Серіктестің дербес деректерін қорғау бойынша дербес деректер және оларды қорғау туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген, келесілерді қамтамасыз ететін қажет шараларды қолдануға:
- 3.1.5.1 Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес деректерді қорғау үшін дербес деректерге рұқсатсыз қолжетімділікті алдын алуға, яғни қажет іс-шараларды, соның ішінде құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық іс-шараларды қолдануға және сақтауға
- 3.1.5.2 егер дербес деректерге рұқсатсыз қолжетімділікті алдын алу мүмкін болмаса, мұндай рұқсатсыз қолжетімділік деректерін уақтылы анықтап отыруға;
- 3.1.5.3 дербес деректерге рұқсатсыз қолжетімділіктің кері зардаптарын төмендетуге, соның ішінде оларды жинау мен өңдеу мақсаттарына қол жеткізілген жағдайда, сондай-ақ «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген өзге де жағдайларда дербес деректерді жою шараларын қолдануға;
- 3.1.5.4 егер өзге де мерзімдер Қазақстан Республикасының заңдарында көзделмесе, Серіктеске қатысты ақпаратты Серіктестің өтінішін алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде хабарлауға (Банктің талап етуіне байланысты жазбаша немесе электронды байланыс арналары арқылы), ал хабар алған күннен бастап үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ақпаратты ұсынудан бас тартқан жағдайда, яғни егер өзге де мерзімдер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмесе, дәлелді жауап ұсынуға міндеттенеді
- 3.1.5.5 бір жұмыс күні ішінде:
- 3.2.5.5.1. дербес деректердің дұрыстығын растайтын тиісті құжаттардың негізінде оларды өзгертуге және (немесе) толықтыруға немесе дербес деректерді өзгерту және (немесе) толықтыру мүмкін болмаған кезде оларды жоюға;

- 3.2.5.5.2 дербес деректерді жинау, өңдеу шарттарының бұзылғандығы туралы ақпарат болған жағдайда, Қарыз алушыға қатысты дербес деректерді бұғаттауға;
- 3.2.5.5.3 Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып дербес деректерді жинау, өңдеу дерегі расталған жағдайда, сондай-ақ «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген өзге де жағдайларда оларды жоюға;
- 3.2.5.5.4 дербес деректерді жинау, өңдеу шарттарының бұзылу дерегі расталмаған жағдайда, дербес деректерді бұғаттаудан алып тастауға.
- 3.1.6. Серіктеске Электронды әмиянның интерфейсіне тиісті электронды хабарлама жібере отырып, Электронды ақшаны пайдалана отырып, балансты толтыратын әрбір операцияның жасалғаны туралы хабарлауға;
- 3.1.7. электронды ақша иелері – жеке тұлғалар электронды ақшамен операциялардың жүзеге асырған кезде электронды ақша иесінің мәртебесін хабарламада көрсете отырып, оларды сәйкестендірілген және сәйкестендірілмеген ретінде айқындау мүмкіндігін қамтамасыз етуге;
- 3.1.8. Электронды ақша пайдаланыла отырып жүзеге асырылған операциялар туралы ақпараттан тұратын есепті (өзі таңдаған нысан бойынша) сұрату алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Серіктестің сұратуымен электронды түрде ұсынып отыруға.
- 3.1.9. нәтижесінде деректері бойынша Банк өтеуді жүзеге асыратын Тізілімдегі ақпараттың бұрмалануына жол берілуі ықтимал жүйеде ауытқу, хакерлік шабуыл болған жағдайда барлық қажет шараларды (Банктің ішкі рәсімдеріне сәйкес) қолдануға және т.с. міндеттенеді.

3.2. Банк:

- 3.2.1. Серіктестің шарттағы міндеттемелерді орындауын талап етуге.
- 3.2.2. Серіктестің Электронды ақшаны пайдалана отырып Төлемдерді жасауына келесі жағдайларда бұғат қоюға құқылы:
- а) Серіктесті бұғаттау қажеттігі туралы хабарламаны алғанда;
 - б) Серіктес осы Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындамағанда;
 - в) Серіктес Электронды ақшаны пайдаланудың белгіленген талаптарын және шарттарын бұза отырып, Төлемдер жасағанда;
 - г) уәкілетті органдар Серіктестің Электронды ақшасына Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген негіздемелер бойынша тыйым салғанда;
 - д) "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда.

3.3. Серіктес:

- 3.3.1. көрсетілген қызметтер үшін Электронды ақша иелері Серіктестің электронды әмиянына аударған электронды ақшаны Электронды ақша иелерінен төлем ретінде қабылдауға;
- 3.3.2. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінде ашылған банктік шотқа электронды ақшаны өтеу есебіне қолма-қол ақшасыз тәртіпте есептеу үшін оны хабарламада көрсетуге;
- 3.3.3. Банкке осы Шарттың талаптарына сәйкес барлық қажет ақпаратты ұсынуға;
- 3.3.8. осы Шарт аясында алынған ақпараттың сақталуын қамтамасыз етуге;
- 3.3.9. электронды ақшаның сәйкестендірілген иесі – жеке тұлға жасаған операцияның республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бес жүз есе мөлшеріне тең келетін сомдан аспайтын ең үлкен сомасында Электронды ақша иелерімен (i) операциялар жасасуға; (ii) электронды ақшаның сәйкестендірілмеген иесі – жеке тұлға жасаған операцияның республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жүз есе мөлшеріне тең келетін сомдан аспайтын ең үлкен сомасында Электронды ақша иелерімен (i) операциялар жасасуға;
- 3.3.10. Серіктестің интернет сайына кіріп, авторландырылу үшін: ishop.qiwi.com Серіктес «QIWI Kazakhstan» (КИБИ Казахстан)» ЖШС-мен шарт жасасуы қажет.
- 3.3.11. Электронды ақша пайдаланыла отырып, операцияның жүзеге асырылғанын растайтын электронды чекті Электронды ақша иесіне міндетті деректемелерді, бірақ олармен шектеліп қалмайтын деректемелерді құрайтын электронды хабарлама түрінде немесе қағаз тасығышта (бұдан әрі – сауда чегі) беруді жүзеге асыруға:
- 1) төлем сомасы;
 - 2) төлем жасалған уақыты мен күні;
 - 3) реттік нөмірі, сауда чегі;

- 4) жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның атауы (коды) және ЖСН, БСН;
- 5) транзакция коды немесе электронды ақша жүйесінде төлемді сәйкестендіретін басқа коды;
- б) электронды ақшаның иесі – жеке тұлға әмиянының сәйкестендірілген коды.

3.3.8. Электронды ақшаның қате жіберілгені анықталған, Электронды әмиян жоғалған, ұрланған және санкциясыз пайдаланылған кезде, бұл туралы Банкті жазбаша хабардар ете отырып және Банктің Call Centre қоңырау шала отырып немесе келесі мекенжайдағы электронды почта бойынша тезарада хабарлауға: qiwi@asiacreditbank.kz;

3.3.9. осы Шарттың 3.1.9. т. сәйкес орын алған оқиғаға адал қарауға және Тізілімдер қайта жіберілген кезде банкке толық көмек көрсетуді жүзеге асыруға және орын алған ауытқуға жүргізілген талдау қорытындысының сомасына өзара есеп айырысуды жүзеге асыруға міндеттенеді.

3.4. Серіктес:

3.4.1. Банктен осы Шарттың талаптарына сәйкес барлық қажет ақпаратты сұратуға құқылы.

6. ЭЛЕКТРОНДЫ АҚШАНЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМДЕРДІ ӨТЕУ ҚЫЗМЕТТЕРІН КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ/ШАРТ БОЙЫНША ЕСЕП АЙЫРЫСУ

- 6.1. Шарттың тек өзара тиімді серіктестік талаптарда жасалуына байланысты, Электронды ақшаны өтеу қызметтері Банк тарифтеріне сәйкес көрсетілгені үшін төленетін комиссияны Серіктестің төлейтінін қоспағанда (мұндай өндіріп алған жағдайда, осы Шартқа қоса тіркелетін №1 қосымшаға сәйкес), Тараптар осы Шарттағы қандай да бір төлемдердің, өндіріп алулардың жоқтығымен келісіп, растайды.
- 6.2. Шарт қолданыста болатын мерзім ішінде электронды форматта Электронды ақшаны өтеу туралы берілген Өтініштің/хабарламаның негізінде Электронды ақшаны өтеу Электронды әмиян интерфейсі арқылы (3 (үш) жұмыс күні ішінде) не болмаса Тізілім алған күннен кейінгі келесі күннен кешіктірілместен Электронды ақшаны өтеуге берілетін Өтінішті автоматты түрде қалыптастыра отырып, ақшаны қолма-қол ақшасыз Серіктестің _____ (бұл ретте мерзім 3 (үш) жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін) шотына есептей отырып жүзеге асырылады.
- 6.3. Ақша Серіктестің банктік шотына төлене отырып, электронды ақшаны өтеу келесі жағдайларда және тәртіпте жүзеге асырылады: (i) Серіктес **электронды ақшаны өтеуге сұрату жібереді, содан кейін автоматты түрде қажет етілетін деректемелері бар электронды өтініш құрылып, Банктің мекенжайына өңдеуге жіберіледі;** (ii) Серіктестің банктік шотына қолма-қол ақшасыз тәртіпте аударыла отырып, ақшаны беруге берілетін Өтініш өңделгені үшін, Банк тарифтеріне сәйкес жеке-жеке есептелетін комиссия Өтініштің сомасынан төленеді және Өтініш расталған сәтте төленеді; (iii) Банк Өтінішті қабылдаған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде өтініштегі төлемді жүзеге асыру.
- 6.4. Банкке Серіктес қоятын талаптардың жалпы сомасы Электронды әмияндағы Баланстың қолжетімді қалдығынан артық бола алмайды.
- 6.5. Серіктеске табысталуы тиіс тиісті ақша сомасы Серіктестің Өтініште көрсетілген банктік шотына есептелген сәттен бастап Банк электронды ақшаны өтеген болып есептеледі.
- 6.6. Электронды ақша санкциясыз шығарылған жағдайда, аталмыш Шарттың талаптары таратылмайды.

7. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

- 7.1. Шарт бойынша өз мойындарына алған міндеттемелерді бұзғандары үшін Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты.
- 7.2. Серіктес осы Шарттағы талаптармен, Ережемен танысып шықпағандықтан Серіктесте туындаған кез келген залалдарға Банк жауап бермейді.
- 7.3. Электронды ақша санкциясыз шығарылғаны үшін және Серіктес көрсеткен қызметтерді/Электронды ақша иелерінен пайдаға асырылған тауарларды төлеуге мұндай сомаларды қабылдағаны үшін Банк Серіктес алдында жауап бермейді.
- 7.4. Егер Банктің Шарттағы міндеттемелерді орындамауы және/немесе тиісінше орындамауы Серіктестің және/немесе есеп айырысатын өзге де Қатысушылардың кінәсінен болған болса, Банк мұндай орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін жауап бермейді.

- 7.5. Егер Банктің Шарттағы міндеттемелерді орындамауы және/немесе тиісінше орындамауы Серіктестің Электронды ақшаны өтеу туралы Хабарламада көрсеткен қате деректерді көрсетуімен байланысты болса, Банк мұндай орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін жауап бермейді
- 7.6. Серіктес Электронды ақша иелеріне өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) сапасына, толымдылығына, сондай-ақ өзге де тұтынушылық ерекшеліктеріне, сондай-ақ Серіктестің Электронды ақша пайдаланыла отырып, төлем шотының төлемі соңғы болып жасалған қызметті көрсетуіне байланысты Банк жауап бермейді.
- 7.7. Серіктес осы Шарттағы талаптармен танысып шықпағандықтан және/немесе уақтылы танысып шықпағандықтан Серіктесте туындаған кез келген залалдарға Банк жауап бермейді

6-БАП. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛАТЫН МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОНЫ ТОҚТАТУ

- 6.1. Серіктестің осы Шартқа қол қоюы Серіктестің осы Шарттағы барлық талаптардың бірін қалдырмастан сөзсіз қабылдағанын және Ережемен танысып шыққандығын білдіреді.
- 6.2.. Шартқа Тараптар қол қойған сәттен бастап өз күшіне енеді және Тараптардың келісімімен немесе Тараптардың бірінің бастамасымен Шарт бұзылатын және Шарттағы орындалмаған міндеттемелер болмаған күнге дейін кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын алдын ала хабардар ете отырып, оны бұзатын сәтке дейін белгіленбеген мерзім ішінде қолданыста болады.
- 6.3. Серіктес Банктің Серіктесті жазбаша қосымша хабардар етпестен Электронды әмиянның операцияларын жүзеге асыру тәртібіне және шарттарына кез келген сәтте біржақты тәртіпте өзгерістер енгізетіндігімен келіседі. Банктің WEB-сайтында көрсетілген өзгерістер ережесінің жаңа редакциясы жарияланған күннен кейін 10 (он) жұмыс күнінен кейін Шартқа енгізілетін, көрсетілген өзгерістер немесе толықтырулар өз күшіне енеді.
- 6.4. Егер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына өзгерістер енгізілгендіктен Шарттың бір немесе бірнеше ережесі жарамсыз болып табылса немесе жарамсыз бола бастаса, онда бұл Шарттың қалған ережесінің әрекетін тоқтауға негіз болмайды. Жарамсыз ереже құқықтық қатынастарда жол берілген, ауыстырылатын сөздерге мағынасы жағынан жақын ережелерге ауыстырылуы тиіс.
- 6.5. Өзара есеп айырысудың жүргізілетінін ескере отырып, Шарт Тараптардың келісімімен кез келген уақытта бұзылуы мүмкін (Серіктестің Электронды әмиянындағы Электронды ақшаны толық өтеу, Серіктестің Банкке комиссияның толық сомасын төлеуі, Электронды әмиянды жабуы).

7-БАП. ФОРС-МАЖОР

7.1. Егер қайсы бір Тарап Шарттағы өз міндеттемелерін ырық бермейтін жағдайлардың, атап айтқанда су тасқыны, өрт, көшкін, жер сілкінісі, соғыстар, әскери қимылдар, блокадалар, экспортқа немесе импортқа салынған тыйым нәтижесінде толық немесе ішінара орындай алмаған жағдайда, осы келісім-шартта көрсетілген мерзімдер мұндай форс-мажор жағдайлар созылатын мерзімге – ең көп дегенде 30 (отыз) күнге ұзартылуы тиіс. Егер мұндай жағдайлар немесе салдарлар 30 (отыз) күннен артық созылатын жағдайда, кез келген Тарап басқа Тарап тартқан шығыстардың орнын толтыра отырып (мысалы, жеткізіліп қойылған тауарларға, төлем жүргізілуі тиіс; жеткізілмеген тауарлардың аванстық төлемдері қайтарылуы тиіс), Шартты бұдан әрі орындаудан бас тартуға құқылы. Өз міндеттемелерін орындай алмайтын Тарап басқа Тарапты мұндай форс-мажор жағдайлардың басталғаны туралы тезарада хабардар етуі тиіс. Форс-мажор жағдайларының болғанын растау үшін тиісті жергілікті билік органы немесе Сауда палатасы берген анықтама талап етіледі. Бұл анықтама мұндай форс-мажор жағдайларының басталғаны туралы хабардар етілгеннен кейін 20 (жиырма) күн ішінде басқа Тарапқа ұсынылуы тиіс.

8-БАП. ҚҰПИЯЛЫҚ

- 8.1. Тараптар коммерциялық және банктік құпия дәрежесіне жататын ақпараттың, мағлұматтардың және тәжірибенің құпиялығын сақтауы тиіс.
- 8.2. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар кез келген үшінші Тарапқа коммерциялық және банктік құпияны жария етпеу бойынша қажет әрекеттерді қолдануға міндетті.
- 8.3. Алынған ақпаратпен тек Тараптардың және осы Шартты орындауға тікелей байланысты бөлімшелердің қызметкерлер құрамындағы тұлғалар танысатын болады.
- 8.4. Серіктес Банктің осы Шарт аясында берілетін құпиялық ақпаратты, банктік және коммерциялық құпияны жария етуіне келісімін береді.

8.5.8-бап Шарт мерзімі аяқталғаннан кейін 3 жыл ішінде әрекет етеді.

9-БАП. ЗАҢНАМА

9.1. Осы Шартты орындауға байланысты туындайтын барлық дауды Тараптар келіссөздер арқылы реттеуге тырысатын болады.

9.2. Келіссөздер арқылы келісімге қол жеткізілмеген жағдайда, осы Шартқа немесе оны бұзуға, тоқтатуға, жарамсыздығына байланысты туындайтын барлық дау, келіспеушіліктер, талаптар Алматы қ. Мамандандырылған айданаралық экономикалық сотында шешілуі тиіс. Қолданылатын материалдық құқық – Қазақстан Республикасының құқығы.

10-БАП. БАСҚА ДА ЖАҒДАЙАР

10.1. Егер Шартқа енгізілетін кез келген өзгертулер мен толықтырулар жазбаша түрде жасалып, Тараптардың оған уәкілетті өкілдері қол қойған болса, олар жарамды болып есептеледі.

10.2. Шарт әрқайсысының заңды күші бірдей, әр Тарапқа бір-бір данадан берілетін мемлекеттік және орыс тілдерінде екі данада жасалды.

10.3 Серіктес осы Шартқа қол қоя отырып, Ережемен танысып шыққанын, онымен келісетінін растайды және оларды сақтауға міндеттенеді.

10.4. Банк Серіктеске барлық қажет жария ақпаратты Банктің WEB-сайтында <http://qiwi.com>, <http://asiacreditbank.kz> мекенжайы бойынша орналастыра отырып, оны ұсынады, сондай-ақ Электронды ақшаны пайдалана отырып, Ережемен байланысты мәселелерді және кінәрат-талаптары қарайды.

10.5. Серіктес Шарт жасаса отырып, Банкке дауыстық қоңырауларды жасау құқығын береді, сондай-ақ Электронды әмиян тіркелген кезде Банктің, сондай-ақ Банктің өзге де уәкілетті тұлғаларының арасында жасалған шартқа сәйкес, олардан Серіктес көрсеткен Абоненттік нөмірге/электронды почтаға келесі мақсаттарда sms-хабарламаларды алуға келісімін береді:

- а) Электронды ақшаны пайдалана отырып Төлемдерді жасасқан кезде қауіпсіздік деңгейін арттыруға ;
- б) Электронды ақшаны пайдалана отырып Төлемдердің жасалғандығы туралы ақпараттық сұрагулардың жіберілуіне;
- в) Серіктеске Электронды ақшаны пайдалана отырып жасалған Төлемнің мәртебесі туралы ақпараттың жіберілуіне;
- г) Банк көрсеткен басқа да қызметтер туралы ақпараттың Серіктеске Қазақстан Республикасының заңнамасына, жаңа өнімдердің енгізілуіне және т.б. сәйкес банктік операцияларды, соның ішінде Банк өткізетін акцияларды жүзеге асыруға өзіне берілен лицензияның шегінде жіберілуіне.

11. Тараптардың атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері.

Банк:

«AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» АҚ

мекенжайы: Қазақстан Республикасы,

Алматы қ., Бостандық ауданы,

Әл-Фараби даңғ., 17/1 үй, 8 т.е.ж.

БСК LARIKZKA

БСН 920 140 000 508

КБЕ 14

ЖСК _____

телефон: +7 (727) 258 85 55

Серіктес:

_____ (қол қоюшының
аты-жөні, лауазымы)

«AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» АҚ
электронды ақшаны қабылдауға жасалған _____ жылғы
Жеке кәсіпкермен немесе заңды тұлғамен
СЕРІКТЕСТІК ТУРАЛЫ ЖАРИЯ ОФЕРТҚА
қоса тіркелетін
№1 Қосымша

**«QIWI Wallet»" төлем жүйесіндегі электронды
ақшамен жасалатын операциялар бойынша
"AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)" АҚ тарифтері**

№	Қызмет көрсету түрі	Тарифтер
1	Өзіне-өзі қызмет көрсету терминалы немесе Qiwi-портал (Банкке келместен) арқылы банктік шотқа электронды ақшаны аударып, өтеуге берілетін өтінішті өңдеу тарифі	
1.1.	«AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» АҚ	1%, ең аз дегенде 100 теңге
2.	Жүйе қатысушысы өндіріп алатын өзге де қызметтер	Қатысушы өзі белгілейді